

Электр желілерін зақымдағаны үшін «Компания НурайСтрой» ЖШС-ті әкімшілік жауапкершілікке тарту



«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық департаменті» ММ-не (бұдан әрі – Департамент) күштік кабельдік желілерінің зақымдалғаны туралы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзет қызметі» ММ

келіп түскен материалдар бойынша әкімшілік іс қозғады. Әкімшілік істі қарау барысында «Компания НурайСтрой» ЖШС 2022 жылдың 10 тамызында жер қазу жұмыстары кезінде күштік кабельдік желілерін зақымдады, бұл 2015 жылғы 30 наурыздағы №246 тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидасының 243, 245 тармақтарын бұзу болып табылады.

Осыған байланысты Департамент, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 802-бабының 2-бөлігін басшылыққа ала отырып, 1000 вольттан жоғары электр желілерінің зақымдануы үшін «Компания НурайСтрой» ЖШС-ті Кодекстің 302-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартты. Компанияның заңды өкілі бұл құқық бұзушылықпен келісті, осыған байланысты әкімшілік іс жеңілдетілген тәртіпте қаралды. Айыппұл төленді.

Департамент барлық жеке және заңды тұлғаларға электр желілері жанында қазба және құрылыс-монтаждық жұмыс жасаған кезде Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын және Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын сақтау керектігін ескертеді.

***«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
Атомдық және энергетикалық қадағалау
мен бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы
бойынша аумақтық департаменті» ММ***

ТОО «Компания НурайСтрой» привлечен к административной ответственности за повреждение электрических сетей



ГУ «Территориальный департамент Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по г. Нур-Султан» (далее – Департамент) было возбуждено административное производство по поступившему материалу ГУ «Службы государственной охраны Республики Казахстан» о допущенном повреждении силового кабеля. В ходе рассмотрения административного дела было установлено, что 10 августа 2022 года при производстве земляных работ ТОО «Компания НурайСтрой» повредило силовой кабель, что является нарушением п. 243, 245 Правил технической эксплуатации электроустановок потребителей от 30 марта 2015 года №246.

В связи с этим Департамент руководствуясь частью 2 статьи 802 кодекса административных правонарушениях РК (далее – Кодекс) привлек к административной ответственности за повреждение электрических сетей напряжением свыше 1000 вольт ТОО «Компания НурайСтрой» по части 1 статьи 302 Кодекса. С вменяемым правонарушением законный представитель предприятия согласился, в связи с этим административное дело было рассмотрено в упрощённом порядке. Штраф оплачен.

Департамент рекомендует всем физическим и юридическим лицам при производстве земляных и строительно-монтажных работ вблизи с электрическими сетями соблюдать требования Правил технической эксплуатации электроустановок потребителей и Правил установления охранных зон объектов электрических сетей и особых условий использования земельных участков, расположенных в границах таких зон.

***ГУ «Территориальный департамент
Комитета атомного и энергетического
надзора и контроля Министерства энергетики
Республики Казахстан по г. Нур-Султан»***